

"Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2002 жылғы 13 ақпандағы N 31-ө бұйрығына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2007 жылғы 6 тамыздағы N 191-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 17 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4882 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі N 237-ө Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009.07.28 N 237-ө бұйрығымен.

Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің тәртібін нақтылау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің "Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 13 ақпандағы N 31-ө (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1782 тіркелген және Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері Бюллетенінде жарияланған, 2002 жыл, N 18, 592-құжат), 2002 жылғы 11 сәуірдегі N 78-ө (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1821 тіркелген және Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері Бюллетенінде жарияланған, 2002 жыл, N 21, 619-құжат), 2002 жылғы 23 қазандағы N 246-ө (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2061 тіркелген және Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері Бюллетенінде жарияланған, 2003 жыл, N 3, 776-құжат), 2004 жылғы 1 наурыздағы N 47-ө (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2731 тіркелген және Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері Бюллетенінде жарияланған, 2005 жыл, N 19, 175-құжат) бұйрықтармен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген бұйрығына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген Бұйрықпен бекітілген Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесінде:

10-тармағының екінші абзацы:

"және төтенше жағдайлар салдарынан денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және өз күшін 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданады.

Министрдің міндетін атқарушы

К е л і с і л д і :
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
С т а т и с т и к а ж ө н і н д е г і
А г е н т т і г і Т ө р а ғ а с ы н ы ң
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы

2007 жылғы 6 тамыз